

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен

БЕКІТІЛДІ

« 17 » сәуір 2026 ж.

№ 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров

**«КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

**ТАЛАПКЕР «КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

✓ **МАГИСТРАТУРА**

- **М034 - ӨНЕРТАНУ**
- **7М02136 - «ТЕАТРТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Алдыңғы білімі: бакалавриат (бейіні бойынша сәйкестік)	Шекті балл
«Өнертану»	7М02136 - «Театртану»	Қазақ Орыс	Білім беру бағдарламасы «Театртану»	75 грант және ақылы

7M02136 - «Театртану» мамандандыруы бойынша келесі шығармашылық емтихандары жүргізіледі:

Реферат қорғау (20 беттен кем емес, жазған жұмысын ғылыми тұрғыда қорғай білу), Ауызша емтихан (сұхбаттасу, билетпен). Бүгінгі театр процессін жетік білуі керек. Оқуға түсуші әлемдік және қазақ театр өнерінің тарихы бойынша білімге ие болуы, қазіргі заманғы театр процесі туралы пайымдардың дербестігін көрсетуі, пьесалар мен спектакльдерді талдай білуі тиіс. Жалпы білім беретін және интеллектуалдық деңгейі жоғары, әдебиет, театр және өнер саласында жақсы білімі болуы тиіс. Компьютерді қолдана білуі, мемлекеттік тілді білуі керек. Оқу тілі – қазақ тілі.

7M02136 - «Театртану» білім беру бағдарламалары бойынша магистратураға түсушілердің ғылыми жұмысының рефератына қойылатын талаптар:

1. Реферат талапкердің қазақ немесе орыс тілінде жеке және өз бетінше орындаған еңбегі болуы тиіс.
2. Рефераттың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі керек.
3. Рефераттың көлемі – 20-25 бет.
4. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңалықтары, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
 - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
 - қорытынды;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі;
 - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).
5. Рефераттың рәсімделуі:
 - Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;
 - Интервал – бір;
 - Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, солға – 3 см, оңға – 1,5 см.;
 - Абзац шегінісі – 1 см.
6. Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат - негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған рецензия ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша куәландырылуы тиіс.
7. Реферат мәтінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және ҒЖБССҚЕК талаптары бойынша ресімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.
8. Реферат тақырыбы бойынша талапкердің бұрын жарияланған ғылыми мақалалары болуы керек.

***Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:**

Бағалаудың балдық көрсеткіші I- шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері I - шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші II- шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері II - шығармашылық емтихан
32-35	<p>Реферат қорғау (20 беттен кем емес, жазған жұмысын ғылыми тұрғыда қорғай білу), экзаменнен кешікпеген, тапсырмаларды орындауда, материалды меңгеруде өте жақсы көрсеткішке жеткен, білімі мен талабын, қабілетін көрсетіп, әдебиеттермен жұмыс істей алған талапкерге қойылады.</p> <p>Талапкерлер жазбаша жұмыс үшін таңдалған театр туындысы туралы түсініктерін ашып, театр өнерінің тарихы туралы жеткілікті білім деңгейін көрсетуі керек, қазіргі театр өмірін білуі керек, драматургтің, актердің, режиссердің, сценографтың шығармашылық әдісінің ерекшеліктерін білуі керек, ойларын логикалық түрде жеткізе білуі, өз ұстанымын сенімді түрде дәлелдеуі керек. Жұмыс көлемі – 25 бет.</p> <p>Таңдап отырған шығарманың идеясын, басты кейіпкердің мінездерін ашу, композициялық құрылымға бөле білу, шарықтау шегін көрсету, қорытынды түйінінін жазып көрсету.</p> <p>Тапсырманың 100%-ын орындаған талапкерге қойылады.</p>	32-35	<p>Ауызша 3 билет сұрақтарына толық жауап беріп, сұрақты терең тарката алуы керек. Жәнеде қойылған қосымша сұрақтарға мүдірмей жауап беруі ләзім. Таланкер театр процесінің құбылыстарын талдай білуі, заманауи театр өнерінің оқиғаларына баға бере білуі, заманауи театр мәселелері бойынша кәсіби пікірталастар жүргізуі, сахналық шығарманың идеясын, тақырыбын, сюжетін, жанрлық ерекшелігін талдай білуі, спектакльге немесе пьесаға рецензия жаза білуі керек.</p> <p>театр өнерінің даму заңдылықтарын білу;</p> <p>қазіргі театр процесінің проблемалары бойынша пайымдаулардың дербестігін көрсету;</p> <p>пьесалар мен спектакльдерді талдай білу;</p> <p>режиссерлерінің, театр сыншыларының, сценографтарының шығармашылығын білу;</p> <p>казак театры тарихындағы басты тұлғалардың: Қазақстанның жетекші драматургтерінің, актерлерінің, театр оқиғалары мен құбылыстарын ауызша талқылау дағдыларын меңгеру.</p>

28-31	<p>Талапкерлер жазбаша жұмыс үшін таңдалған театр туындысы туралы түсініктерін ашып, театр өнерінің тарихы туралы жеткілікті білім деңгейін көрсетуі керек, қазіргі театр өмірін білуі керек, драматургтің, актердің, режиссердің, сценографтың шығармашылық әдісінің ерекшеліктерін білуі керек, ойларын логикалық түрде жеткізе білуі, өз ұстанымын сенімді түрде дәлелдеуі керек. Жұмыс көлемі – 20 бет.</p> <p>Таңдап отырған шығарманың идеясын, басты кейіпкердің мінездерін ашу, композициялық құрылымға бөле білу, шарықтау шегін көрсету, қорытынды түйінінін жазып көрсету.</p> <p>Тапсырманың 95%-ын орындаған талапкерге қойылады.</p> <p>Реферат қорғау (20 беттен кем, жазған жұмысын ғылыми тұрғыда қорғай білу), экзаменнен кешікпеген, тапсырмаларды орындауда, материалды меңгеруде өте жақсы көрсеткішке жеткен, білімі мен талабын, қабілетін көрсетіп, әдебиеттермен жұмыс істей алған талапкерге қойылады.</p>	28-31	<p>Театр өнерінің даму заңдылықтарын білу;</p> <p>қазіргі театр процесінің проблемалары бойынша пайымдаулардың дербестігін көрсету;</p> <p>пьесалар мен спектакльдерді талдай білу;</p> <p>режиссерлерінің, театр сыншыларының, сценографтарының шығармашылығын білу; қазақ театры тарихындағы басты тұлғалардың: Қазақстанның жетекші драматургтерінің, актерлерінің,</p> <p>театр оқиғалары мен құбылыстарын ауызша талқылау дағдыларын меңгеру.</p> <p>Ауызша 3 билет сұрақтарына толық жауап беріп, сұрақты терең тарката алуы керек. Жәнеде қойылған қосымша сұрақтарға мүдірмей жауап беруі ләзім.</p> <p>Талапкер театр процесінің құбылыстарын талдай білуі, заманауи театр өнерінің оқиғаларына баға бере білуі, заманауи театр мәселелері бойынша кәсіби пікіргаластар жүргізуі, сахналық шығарманың идеясын, тақырыбын, сюжетін, жанрлық ерекшелігін талдай білуі, спектакльге немесе пьесаға рецензия жаза білуі керек.</p>
-------	--	-------	---

24-27	Шығарманың идеясын, басты кейіпкердің мінездерін ашу, композициялық құрылымға бөле білу, шарықтау шегін көрсету, қорытынды түйінін жазып көрсету.	24-27	Таланкер театр процесінің құбылыстарын талдай білуі, заманауи театр өнерінің оқиғаларына баға бере білуі, заманауи театр мәселелері бойынша кәсіби пікірталастар жүргізуі, сахналық шығарманың идеясын, тақырыбын, сюжетін, жанрлық ерекшелігін талдай білуі, спектакльге немесе пьесаға рецензия жаза білуі керек. театр өнерінің даму заңдылықтарын білу;
	<p>Тапсырманың 90%-ын орындаған талапкерге қойылады.</p> <p>Талапкерлер жазбаша жұмыс үшін таңдалған театр туындысы туралы түсініктерін ашып, театр өнерінің тарихы туралы жеткілікті білім деңгейін көрсетуі керек, қазіргі театр өмірін білуі керек, драматургтің, актердің, режиссердің, сценографтың шығармашылық әдісінің ерекшеліктерін білуі керек, ойларын логикалық түрде жеткізе білуі, өз ұстанымын сенімді түрде дәлелдеуі керек.</p> <p>Реферат қорғау (15 беттен кем, жазған жұмысын ғылыми тұрғыда қорғай білу), экзаменнен кешікпеген, тапсырмаларды орындауда, материалды меңгеруде өте жақсы көрсеткішке жеткен, білімі мен талабын, қабілетін көрсетіп, әдебиеттермен жұмыс істей алған талапкерге қойылады.</p>		<p>казіргі театр процесінің проблемалары бойынша пайымдаулардың дербестігін көрсету;</p> <p>пьесалар мен спектакльдерді талдай білу;</p> <p>режиссерлерінің, театр сыншыларының, сценографтарының шығармашылығын білу; қазақ театры тарихындағы басты тұлғалардың: Қазақстанның жетекші драматургтерінің, актерлерінің, театр оқиғалары мен құбылыстарын ауызша талқылау дағдыларын меңгеру.</p> <p>Ауызша 3 билет сұрақтарына толық жауап беріп, сұрақты терең тарката алуы керек. Жәнеде қойылған қосымша сұрақтарға мүдірмей жауап беруі ләзім.</p>
20-23	Рефераттың мерзімді басылымдарда жарияланған ақпараттардан құрылуы, зерттеу тақырыбын ашуда әдебиеттерге сілтеме жасамауы, рефератты жазуда грамматикалық қателіктер жіберу.	20-23	Театр өнерін зерттеу қабілеті орташа, аналитикалық ойлау жүйесі толық қалыптаспаған, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде шағын олқылықтардың болуы;
16-19	Зерттеу жұмысына қойылатын талаптарға сәйкес кемшіліктердің орын алуы; зерттеу тақырыбы бойынша толыққанды жұмыс атқарылмауы; талдау қабілетінің жеткіліксіздігі.	16-19	Театр өнерін зерттеуде қабілеті орташадан төмен, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде елеулі олқылықтардың болуы, әдебиеттер оқып білімін толықтырмаған, оның орнына ауызекі естіген ақпараттармен шектелу.

12-15	Ғылыми зерттеу жұмысын жазудағы маңызды қателіктердің орын алуы; аналитикалық ойлау қабілетін көрсете алмауы; зерттеу тақырыбының толық ашылмауы; рефераттың бет көлемінің жеткіліксіздігі; тұжырымдамалардың толық болмауы; дерекөздердің аздығы.	12-15	Театр өнерінің өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеуде орта білімін көрсету, қабілеті мен білімін, талабын толық көрсете алмаған, ауызша мардымды жауап бермеу, ойын жүйелеп жеткізе алмау.
7-11	Реферат тақырыбының ғылыми негізінің болмауы, өзектілігінің жоқтығы; ғылыми аппараттың зерттеу жұмысымен сәкес келмеуі; зерттеу тақырыбының толық ашылмауы; рефераттың бет көлемінің аздығы; зерттеу жұмысын жазу қабілеті мен білімін көрсете алмауы.	7-11	Театр өнерінің өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеу бойынша білімінің төмендігі, қабілеті мен білімін, талабын көрсете алмаған, қойылған сұрақтарға жауап бере алмау, ойын жүйелі жеткізу қабілетінің болмауы.
0-6	Келесі емтиханға өтпейді. Рецензия тапсырмаған немесе талапқа сай емес.	0-6	Емтиханнан өтпейді. Талдау барысында ой шашыраңқы болуы. Қойылған сұрақтарға жауап бере алмауы. Салаға байланысты сауалдарға тура жауап бере алмауы.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: 2026-onertanu@mail.ru
 Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Биримкулов Ернияз Рыскулович



Кафедра менгерушісі: Жекибаева Жазира Женисовна